

Авиадвигательдердің Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясына транзиті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 11 ақпан N 216

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 14 қазандағы N 25-12-619 келісімшартқа сәйкес Қазан мотор жасау өндірістік бірлестігі үшін "Узавиатехснаб" акционерлік қоғамы беретін, саны 3 дана авиадвигательдің Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясына транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ете отырып транзиттік тасымалды темір жол көлігімен жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен транзиттік тасымалды бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.